

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АРТЫҚ АР АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ ҚИЯСЕТТЕР
КОРПОРАЦИЯСЫ, КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК
ҚОҒАМЫНЫҢ НҰР-СУЛТАН ҚАЛАСЫ БОЙЫНША
ФИНАЛЫНЫҢ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІККЕ ҚҰҚЫҚТАРДЫ
ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҮЛГАЛАРДЫ ТІРКЕУ БАСҚАРМАСЫ
ЕНГІЗІЛГЕН ӨЗГЕРІСТЕР МЕН
ТОЛЫҚТЫРУЛАР

20 15 ж. 19 н. 04

БСН 00054 0000 035

№ 9359-1901-1000-01-111

Бастапқы тіркелген күні

20 00 ж. 16 н. 05



Қазақстан Республикасы
Қаржы министрлігінің
Мемлекеттік мүлік және
жекешелендіру комитеті
Төрағасының
2023 жылғы «11» сәуірдегі
№ 324 бұйрығымен бекітілген

Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму
министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері
комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау»
шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік
кәсіпорнының («Мемсараптама» РМК)
ЖАРҒЫСЫ

Астана қаласы – 2023 жыл

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) (бұдан әрі - Кәсіпорын) шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады.

2. Кәсіпорын «Қазақстан Республикасында сәулет-қала құрылысы бақылауын жетілдіру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 24 қаңтардағы № 88 қаулысына сәйкес құрылды және «Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің мәселелері» туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 шілдедегі № 1071 қаулысымен Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің қарамағына берілді.

«Қазақстан Республикасы Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнын («Мемсараптама» РМК) қайта ұйымдастыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 8 мамырдағы № 591 қаулысына сәйкес Кәсіпорын Кәсіпорынға қосылуы жолымен қайта ұйымдастырылған 14 еншілес мемлекеттік кәсіпорынның барлық құқықтар мен міндеттерінің құқықтық мирасқоры болып табылады.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің мәселелері» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысына сәйкес Кәсіпорынның атауы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) болып қайта өзгертілді.

«Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика және Ауыл шаруашылығы министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 18 мамырдағы № 295 қаулысына сәйкес Кәсіпорынның атауы Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) болып қайта өзгертілді.

«Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 ақпандағы № 70 қаулысына сәйкес Кәсіпорынның атауы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері

комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) болып қайта өзгертілді.

«Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің кейбір мәселелері және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 936 қаулысына сәйкес Кәсіпорынның атауы Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК) болып қайта өзгертілді.

3. Кәсіпорынның құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылады.

4. Кәсіпорынның мүлкіне қатысты республикалық меншік құқығының субъекті құқығын Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті (бұдан әрі - мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) жүзеге асырады.

5. Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті (бұдан әрі - тиісті саланың уәкілетті органы) болып табылады.

6. Кәсіпорынның атауы:

толық:

мемлекеттік тілде - Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК);

орыс тілінде - Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (РГП «Госэкспертиза»);

қысқартылған:

мемлекеттік тілде – «Мемсараптама» РМК;

орыс тілінде – РГП «Госэкспертиза».

7. Кәсіпорынның орналасқан жері: 010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Күлтөбе тұйық көшесі, 7-ғимарат.

2-тарау. Кәсіпорынның заңдық мәртебесі

8. Кәсіпорынның заңнамаға сәйкес дербес теңгерімі, банктерде шоттары,

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы бейнеленген және Кәсіпорынның атауы бар бланкілері, мөрі болады.

9. Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды қоспағанда, кәсіпорын заңды тұлғаларды құра алмайды, сондай-ақ басқа заңды тұлғаның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

10. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер құра алады.

11. Кәсіпорын жасайтын және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес міндетті түрде мемлекеттік немесе өзге тіркеуге жататын азаматтық-құқықтық мәмілелер, егер Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде өзгеше көзделмесе, тіркелген сәттен бастап жасалынған болып есептеледі.

3-тарау. Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттары

12. Кәсіпорын қызметінің мәні мемлекеттік монополияға жатқызылған, құрылыс жобаларына (техникалық-экономикалық негіздемелерге, жобалау-сметалық құжаттамаға) ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізу, құрылыс жобаларының мемлекеттік банкін қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ құрылыс жобаларының мемлекеттік банкінен техникалық-экономикалық негіздемелерді, үлгілік жобаларды және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттаманы ұсыну болып табылады.

Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өндірумен технологиялық байланысты қызметке «бір терезе» қағидаты бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйені жүргізу жатады.

13. Кәсіпорын қызметінің мақсаты:

1) жобалау шешімдерінің Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жобалауға арналған бастапқы құжаттардың (материалдардың, деректердің) шарттарына сәйкестігін (сәйкес келмеуін) анықтау, сондай-ақ жобалау шешімдері мен есептеулерде:

қала құрылысы және техникалық регламенттер, мемлекеттік және мемлекетаралық нормативтік құжаттардың нормалары мен ережелері, сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы сметалық нормалардың;

халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салуаттылығы және гигиеналық нормативтер саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарын сақтау жолымен жобалардың сапасына талдау және бағалау жүргізу;

2) электрондық архивте бар техникалық-экономикалық негіздемелерді, үлгілік жобаларды және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын алу үшін құрылыс жобаларының мемлекеттік банкіне жүгінген жеке немесе заңды тұлғаларға оларды ұсыну болып табылады.

14. Қойылған мақсатты іске асыру үшін Кәсіпорын келесі қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) мыналарға:

қаржыландыру көздеріне қарамастан, ықтимал қауіпті құрылыс объектілеріне жататын жаңа өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды, сондай-ақ техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі жаңа объектілерді, олардың кешендерін, инженерлік және көлік коммуникацияларын салуға;

бюджет қаражаты және мемлекеттік инвестициялардың өзге де нысандары есебінен қаржыландырылатын, ықтимал қауіпті, техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі қолданыстағы объектілерді реконструкциялау, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және күрделі жөндеуге;

квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен қаржыландырылатын, жауапкершіліктің бірінші деңгейіне жатқызылған қолданыстағы объектілерді реконструкциялау, кеңейту, жаңғырту, техникалық қайта жарақтандыру және күрделі жөндеуге;

сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы уәкілетті орган әзірлеген үлгілік жобаларға ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді;

2) құрылыс жобаларының мемлекеттік банкін қалыптастыру және жүргізу, сондай-ақ құрылыс жобаларының мемлекеттік банкінен мемлекеттік инвестициялар және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражаты есебінен әзірленген техникалық-экономикалық негіздемелер мен жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын беру;

3) «бір терезе» қағидаты бойынша құрылыс жобаларына ведомстводан тыс кешенді сараптама жүргізуді ұйымдастыру үшін портал мен ақпараттық жүйені жүргізу.

15. Кәсіпорын осы Жарғыда бекітілген оның қызметінің мәні мен мақсатына сай емес қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелерді жасауға құқылы емес.

16. Кәсіпорынның Қазақстан Республикасының заңдарында немесе құрылтай құжаттарында белгілі бір шек қойылған қызмет мақсаттарына қайшы не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып жасаған мәмілесі тиісті саланың уәкілетті органының немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап-арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4-тарау. Кәсіпорынды басқару

17. Мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган:

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша Кәсіпорынның құрылтайшысы болады;

2) Қазақстан Республикасының атынан Кәсіпорынға қатысты республикалық меншік құқығының субъектісі құқықтарын жүзеге асырады;

3) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсаттарын, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын

Кәсіпорын түрін айқындайды және Кәсіпорынның Жарғысын, оған енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;

4) тиісті саланың уәкілетті органымен келісім бойынша Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюды немесе қайта бөлуді жүзеге асырады;

5) Кәсіпорын мүлкінің нысаналы және тиімді пайдаланылуына бақылауды жүзеге асырады;

6) Кәсіпорынның мемлекеттік мүліктің нысаналы пайдаланылуын бақылау нәтижелері бойынша анықталған, артық, пайдаланбайтын не мақсатына сай пайдаланбаған мүлкін, бақылауды жүзеге асырған кезден бастап алты ай өткен соң тиісті саланың уәкілетті органының келісімінсіз алып қоюды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынға алып қойылған мүлікті күтіп ұстау және оны кейіннен теңгерімнен шығара отырып, өзге тұлғаға бергенге дейін сақталуын қамтамасыз ету мерзімін белгілейді;

8) тиісті саланың уәкілетті органына Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асыруға келісім береді;

9) тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті (ол өндірген өнімді сатуды қоспағанда) иеліктен шығаруға немесе оған өзгеше тәсілмен билік етуге, филиалдар (өкілдіктер) құруға жазбаша келісім береді;

10) Кәсіпорынға бекітіліп берілген мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беруге талдау жүргізеді;

11) Кәсіпорынның жұмыс істеуі мен оны басқару тиімділігінің мониторингін ұйымдастыруды және жүргізуді жүзеге асырады;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасымен оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.

18. Тиісті саланың уәкілетті органы:

1) Кәсіпорын қызметінің басым бағыттарын және бюджеттен қаржыландырылатын жұмыстардың (көрсететін қызметтердің) міндетті көлемдерін айқындайды;

2) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорын қызметінің мәні мен мақсатын айқындау бойынша, сондай-ақ осындай қызметті жүзеге асыратын Кәсіпорынның түрін айқындау жөнінде ұсыныстар енгізеді;

3) Кәсіпорынның даму жоспарларын және оларды орындау жөніндегі есептерді қарайды, келіседі және бекітеді;

4) Кәсіпорын мүлкінің сақталуына және Кәсіпорынның даму жоспарларының орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

5) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органға Кәсіпорынға берілген немесе ол өз шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алған мүлікті алып қоюға немесе қайта бөлуге келісім береді;

6) Кәсіпорынды басқаруды жүзеге асырады;

7) Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігін бекітеді;

- 8) мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды жүзеге асырады;
- 9) Кәсіпорынның таза кірістің белгіленген бөлігін республикалық бюджетке толық және уақтылы аударуын бақылауды жүзеге асырады;
- 10) Кәсіпорын бас директорының ұсынымы бойынша оның орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметінен босатады;
- 11) жыл сайын Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін белгілейді;
- 12) Кәсіпорын бас директорының, оның орынбасарларының және бас бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін белгілейді;
- 13) Кәсіпорынның құрылымын және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді келіседі;
- 14) Кәсіпорынның шекті штат санын және оған өзгерістер мен толықтырулар енгізуді бекітеді;
- 15) Қазақстан Республикасының заңнамасында оның құзыретіне жатқызылған өзге де мәселелерді шешеді.
19. Кәсіпорынның органы оның бас директоры болып табылады.
20. Тиісті саланың уәкілетті органы Кәсіпорынның бас директорымен еңбек қатынастарын Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек шартын жасасу арқылы ресімдейді.
21. Кәсіпорынның бас директоры дара басшылық қағидаттарында әрекет етеді және егер «Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (бұдан әрі – Заң) және Кәсіпорынның Жарғысында өзгеше көзделмесе, Кәсіпорын қызметінің барлық мәселелерін осы Заңмен және Кәсіпорынның Жарғысымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес дербес шешеді.
22. Кәсіпорын бас директоры:
- 1) Кәсіпорынның атынан сенімхатсыз әрекет етеді және оның мүдделерін барлық органда білдіреді;
 - 2) Қазақстан Республикасының заңнамасымен бекітілген шектерде Кәсіпорынның мүлкіне билік етеді;
 - 3) шарттар жасасады және өзге де мәмілелер жасайды;
 - 4) сенімхаттар береді;
 - 5) банктік шоттар ашады;
 - 6) Кәсіпорынның барлық қызметкері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
 - 7) Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда өзгеше көзделмесе Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Кәсіпорынның қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады, көтермелеу шараларын қолданады және оларды жазаға тартады;
 - 8) өзінің орынбасарларын қызметке тағайындау және қызметтен босату үшін тиісті саланың уәкілетті органына кандидатуралар ұсынады;

9) өзінің орынбасарлары мен Кәсіпорынның басқа да басшы қызметкерлерінің құзыретін белгілейді;

10) мыналарға:

- Кәсіпорынның даму жоспарын іске асырудың нәтижелілігі және тиімділігі үшін;

- таза кірістің белгіленген бөлігі уақтылы бюджетке аударылмағаны үшін жауаптылықта болады;

11) Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметі және мүлкінің сақталуы үшін дербес жауаптылықта болады;

12) Кәсіпорын филиалдарының, өкілдіктерінің директорларын және филиалдары департаменттерінің директорларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

23. Кәсіпорын Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық туралы заңнамалық актісінде белгіленген тәртіппен банкрот деп танылған немесе оңалту рәсімі қолданылған және уақытша не банкроттықты немесе оңалту басқарушысы тағайындалған жағдайда, оны басқарудың барлық өкілеттілігі тиісінше уақытша не банкроттық немесе оңалту басқарушысына өтеді.

5-тарау. Кәсіпорынның мүлкі

24. Кәсіпорынның мүлкін құны оның теңгерімінде көрсетілетін Кәсіпорынның активтері құрайды.

25. Кәсіпорынның мүлкі бөлінбейтін болып табылады және салымдар (жарғылық капиталдағы қатысу үлестері, пайлар) бойынша, оның ішінде Кәсіпорын қызметкерлерінің арасында бөлуге болмайды.

26. Кәсіпорынның мүлкі:

1) оған меншік иесі берген мүліктің;

2) өз қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүліктің (ақшалай кірістерді қоса алғанда);

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қаражат көздерінің есебінен қалыптастырылады.

27. Кәсіпорынның жүргізуінде тек оның жарғылық мақсаттарымен көзделген қызметін қамтамасыз ету үшін оған қажетті не осы қызметтің өнімі болып табылатын мүлкі болуы мүмкін.

28. Егер осы Жарғыда өзгеше көзделмесе немесе аталған заттық құқықтың табиғатына қайшы келмесе, шаруашылық жүргізу құқығын алу және тоқтату, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде меншік құқығын және өзге де заттық құқықты алу мен тоқтату үшін көзделген талаптарда және тәртіппен жүзеге асырылады.

29. Шаруашылық жүргізудегі мүлікті пайдаланудың жемістері, өнімі мен кірістері, сондай-ақ Кәсіпорын шарттар немесе өзге де негіздер бойынша алған мүлік меншік құқығын алу үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның шаруашылық жүргізуіне түседі.

30. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе меншік иесінің шешімімен өзгеше белгіленбесе, меншік иесі мүлікті Кәсіпорынға бекіту туралы шешім қабылдаған мүлікке қатысты шаруашылық жүргізу құқығы Кәсіпорында мүлікті өз теңгеріміне бекіткен сәтінде туындайды.

31. Кәсіпорынның негізгі құралдарға жататын мүлікті сатып алу-сату, айырбастау, сыйға тарту шарттары негізінде иеліктен шығаруға құқығы жоқ.

32. Кәсіпорынның мүлкіне шаруашылық жүргізу құқығы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 249-бабында көзделген тәртіппен және меншік құқығын тоқтату негіздері бойынша, сондай-ақ Заңның 144-бабында көзделген жағдайларда тоқтатылады.

33. Кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның жазбаша келісімімен:

- 1) филиалдар, өкілдіктер құруға;
- 2) акционерлік қоғамдардың өзіне тиесілі акцияларына билік етуге;
- 3) үшінші тұлғалардың міндеттемелері бойынша кепілгерлік немесе кепілдік беруге құқылы.

34. Кәсіпорын тиісті саланың уәкілетті органының жазбаша келісімімен ғана дебиторлық берешекті беруге және есептен шығаруға, қарыздар беруге құқылы.

35. Кәсіпорын оған шаруашылық жүргізу құқығында бекітілген негізгі құралдарға жатпайтын жылжымалы мүлікке дербес билік етеді.

36. Егер Қазақстан Республикасының Бюджет кодексімен немесе меншік иесімен (мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган) өзгеше белгіленбесе, осы Жарғының 33 және 35-тармақтарында көрсетілген мүлікпен жасалған мәмілелерден алынған ақшаны Кәсіпорын дербес пайдаланады.

6-тарау. Кәсіпорынның қызметін қаржыландыру

37. Кәсіпорынның қызметі өз кірісі және Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында айқындалған тәртіппен алынған бюджет қаражаты есебінен даму жоспарына сәйкес қаржыландырылады.

38. Кәсіпорын таза кірістің бір бөлігін республикалық бюджетке аударуды корпоративтік кіріс салығы бойынша декларация тапсыру үшін белгіленген мерзімнен кейін он жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді.

39. Кәсіпорын өзі өндіретін өнімді дербес өткізеді.

40. Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынған, Жарғыда көзделмеген қызметті жүзеге асырудан Кәсіпорын алған кірістер, сондай-ақ бюджеттен қаржыландыру есебінен құралған, сатылатын тауарлардың (жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің) белгіленген бағаларын көтеру

нәтижесінде алынған кірістер Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалатын тәртіппен бюджетке алып қоюға жатады. Мүлікті бухгалтерлік есеп қағидалары бойынша тиісті түрде көрсетпей пайдалану фактілері анықталған жағдайда, ол да алып қоюға жатады.

7-тарау. Кәсіпорынның жарғылық капиталы

41. Кәсіпорынның жарғылық капиталының мөлшері 14 230 000 (он төрт миллион екі жүз отыз мың) теңгені құрайды.

Жарғылық капиталды меншік иесі (құрылтайшы) Кәсіпорынның мемлекеттік тіркелуі сәтінде толық қалыптастыруы тиіс.

8-тарау. Кәсіпорынның есепке алуы мен есептілігі

42. Кәсіпорынның бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасына және қаржылық есептіліктің халықаралық стандарттарына сәйкес тиісті саланың уәкілетті органның келісімі бойынша Кәсіпорынның бас директоры бекітетін есеп саясатына сәйкес жүзеге асырылады.

43. Кәсіпорынның жылдық қаржылық есептілігі бухгалтерлік теңгерімді, кірістер мен шығындар туралы есепті, ақшалай қаражат қозғалысы туралы есепті, капиталындағы өзгерістер туралы есепті, түсіндірме жазбаны қамтиды.

9-тарау. Кәсіпорынның жауапкершілігі

44. Кәсіпорын өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап береді және мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауапкершілікте болмайды.

45. Мемлекет құрылтайшының, мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның немесе тиісті саланың уәкілетті органының іс-әрекеттерінен туындаған банкроттық жағдайларды қоспағанда, Кәсіпорынның міндеттемелері бойынша жауап бермейді. Бұл жағдайда мемлекет Кәсіпорынның қаражаты кредиторлардың талаптарын қанағаттандыру үшін жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша жауап береді.

10-тарау. Кәсіпорын қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

46. Кәсіпорынның еңбекақы төлеу қорының мөлшерін жыл сайын тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

47. Еңбекақы төлеу нысандарын, штат кестесін, лауазымдық айлықақылар мөлшерін, сыйлықақы беру және өзге сыйақы жүйесін белгіленген еңбекақы төлеу қорының шегінде Кәсіпорын дербес айқындайды.

48. Кәсіпорын бас директорының, оның орынбасарларының, бас бухгалтердің лауазымдық айлықақыларының мөлшерін, оларға сыйлықақы беру және өзге де сыйақы жүйесін тиісті саланың уәкілетті органы белгілейді.

11-тарау. Еңбек ұжымымен өзара қатынас

49. Кәсіпорынның әкімшілігі мен еңбек ұжымы арасындағы өзара қатынас Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне және ұжымдық шартқа сәйкес айқындалады.

50. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібі қағидаларында белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

12-тарау. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату

51. Кәсіпорынды қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша жүргізіледі.

52. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше белгіленбесе, Кәсіпорынды қайта ұйымдастыруды және таратуды мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның келісімі бойынша тиісті саланың уәкілетті органы жүзеге асырады.

53. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған Кәсіпорынның мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

54. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін таратылған Кәсіпорынның қалған ақшасы Кәсіпорынның мүлкін сату нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда республикалық бюджеттің кірісіне есептеледі.

13-тарау. Жарғыға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

55. Кәсіпорынның Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар тиісті саланың уәкілетті органының ұсынымы бойынша мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның бұйрығымен енгізіледі.

Бас директор _____



Қ.Ж. Қажкенов



Утвержден
приказом Председателя
Комитета государственного
имущества и приватизации
Министерства финансов
Республики Казахстан

от «11» апреля 2023 года
№ 324

УСТАВ

Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного
ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов»
Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства
Министерства индустрии и инфраструктурного развития
Республики Казахстан (РГП «Госэкспертиза»)

город Астана – 2023 год

Глава 1. Общие положения

1. Республиканское государственное предприятие «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (РГП «Госэкспертиза») (далее – Предприятие) является юридическим лицом в организационно-правовой форме государственного предприятия на праве хозяйственного ведения.

2. Предприятие создано в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 января 1996 года № 88 «О совершенствовании архитектурно-градостроительного контроля в Республике Казахстан» и постановлением Правительства Республики Казахстан от 15 июля 2009 года № 1071 «Вопросы Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства» передано в ведение Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан «О реорганизации Республиканского государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» (РГП «Госэкспертиза») Агентства Республики Казахстан по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства» от 8 мая 2012 года № 591 Предприятие является правопреемником всех прав и обязанностей реорганизованных путем присоединения к Предприятию 14 дочерних государственных предприятий.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 24 сентября 2014 года № 1011 «Вопросы Министерства национальной экономики Республики Казахстан» Предприятие переименовано в Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» (РГП «Госэкспертиза») Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 18 мая 2016 года № 295 «О некоторых вопросах министерств национальной экономики и сельского хозяйства Республики Казахстан» Предприятие переименовано в Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» (РГП «Госэкспертиза») Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства национальной экономики Республики Казахстан.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 15 февраля 2017 года № 70 «О некоторых вопросах министерств по инвестициям и развитию и национальной экономики Республики Казахстан» Предприятие переименовано в республиканское государственное предприятие на праве

хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» (РГП «Госэкспертиза») Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан.

В соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 декабря 2018 года № 936 «О некоторых вопросах Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан и внесении изменений и дополнений в некоторые решения Правительства Республики Казахстан» Предприятие переименовано в Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (РГП «Госэкспертиза»).

3. Учредителем Предприятия является Правительство Республики Казахстан.

4. Права субъекта права республиканской собственности в отношении имущества Предприятия осуществляет Комитет государственного имущества и приватизации Министерства финансов Республики Казахстан (далее - уполномоченный орган по государственному имуществу).

5. Органом, осуществляющим управление Предприятием, является Комитет по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (далее - уполномоченный орган соответствующей отрасли).

6. Наименование Предприятия:

полное:

на государственном языке – Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны («Мемсараптама» РМК);

на русском языке – Республиканское государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Государственная вневедомственная экспертиза проектов» Комитета по делам строительства и жилищно-коммунального хозяйства Министерства индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан (РГП «Госэкспертиза»);

сокращенное:

на государственном языке – «Мемсараптама» РМК;

на русском языке – РГП «Госэкспертиза».

7. Место нахождения Предприятия: 010000, Республика Казахстан, город Астана, район Байқоңыр, переулок Күлтөбе, здание 7.

Глава 2. Юридический статус Предприятия

8. Предприятие имеет самостоятельный баланс, счета в банках в соответствии с законодательством, бланки, печать с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Предприятия.

9. Предприятие не может создавать юридические лица, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица, за исключением случаев, предусмотренных законами Республики Казахстан.

10. Предприятие может создавать филиалы и представительства в соответствии с законодательством Республики Казахстан.

11. Гражданско-правовые сделки, заключаемые Предприятием и подлежащие обязательной государственной или иной регистрации в соответствии с законодательными актами Республики Казахстан, считаются совершенными с момента регистрации, если иное не предусмотрено законодательными актами Республики Казахстан.

Глава 3. Предмет и цели деятельности Предприятия

12. Предметом деятельности Предприятия является комплексная вневедомственная экспертиза проектов строительства (технико-экономических обоснований проектно-сметной документации), формирование и ведение государственного банка проектов строительства, а также предоставление технико-экономических обоснований, типовых проектов и проектной (проектно-сметной) документации из государственного банка проектов строительства, отнесенные к государственной монополии.

К деятельности, технологически связанной с производством товаров, работ, услуг, относится ведение портала и информационной системы для организации проведения комплексной вневедомственной экспертизы проектов строительства по принципу «одного окна».

13. Целью деятельности Предприятия является:

1) проведение анализа и оценки качества проектов путем установления соответствия (несоответствия) проектных решений условиям исходных документов (материалов, данных) для проектирования, предусмотренных законодательством Республики Казахстан, а также соблюдения в проектных решениях и расчетах требований:

градостроительных и технических регламентов, норм и положений государственных и межгосударственных нормативных документов, сметных норм в области архитектуры, градостроительства и строительства;

нормативных правовых актов в сфере санитарно-эпидемиологического благополучия населения и гигиенических нормативов;

